



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№2 5 қараша 2019 жыл сейсенбі

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Ашық сабақ 1

Адалдық сағаты 2

Халықаралық қыздар күні 3

Семинар - тренинг 4

Латын әліпбиіне көші - заман талабы 5

Көрмеге саяхат 6

Жамбыл жоғары медициналық колледж директорының кубогі 7

Miss medic - 2019 8

Қамқоршылар күні 9

Әдеби - сазды кеш 10

Мамандармен пікірлесу 11

Өмірге немқұрайлы карама 12

Құқық бұзушылықтың алдын алу 13

Студенттердің жетістіктері 14



22.10.2019 ж. «Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы» аясында, 1 курс студенттері, қыздардың құқық бұзушылыққа бой алдырмау, алдын алу және полиция қызметкерлерінің жұмыстарымен танысу мақсатында, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р. Б. Усеновтың ұйымдастыруымен Жамбыл облыстық ПД мұражайына колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты Убайдуллаев Султан Есенбекович барып қайтты. Мұражай басшысы Зияутдинова Гульчехра Юсуповна колледж студенттеріне халық қаһарманы Ғ. Байтасовтың ерлігі туралы және т.б. көптеген мағлұматтар беріп, бейнеролик көрсетіп, құқық бұзушылыққа жол бермеу, қылмыстың түбі жаза екендігін айтып, жеткіншектерді бұзақылық жасамауға шақырды.



23.10.2019 ж. «Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы» аясында Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Бексултанова Айгуль Бексултанқызының, «Ақ Сұңқар» ЖҚБ-нің төрағасы Әбдиев Еркін Қайырбекұлы және ЖРО ұйымдастыру секторының инспекторы Айнұр Телібаевалардың қатысуымен «Қоғамның дерті – қылмыс!» тақырыбында кездесу өткізілді.



23.10.2019 ж. Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығының аясында және «Панорама» Ақпараттық орталығы» ҚБ-нің «Еріктілер мектебінің жұмысын үйлестіру, жүргізу және олардың әлеуетін дамыту бойынша іс-шаралар ұйымдастыру» жобасы аясында колледждің I курс студенттері арасында шахмат зияткерлік ойыны өткізілді.

Студенттердің жетістіктері 14



23.10.2019 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Заман талабына сай мемлекет» тақырыбында 2019-2020 оқу жылында қабылданған студенттер арасында Жас Талант байқауы өткізілді. Байқауда мәнерлеп оқу номинациясы бойынша Бас жүлде иегері 104 топ студенті Талғатқызы М., Вокал номинациясы бойынша Бас жүлде иегері 106 топ студенті Кенжеш Д.,

Хореография номинациясы бойынша бас жүлде иегерлері 109 топ студенті Ділдабаева А., Флешмоб номинациясы бойынша бас жүлде иегері 101 топ студенттері марапатталды.



«Қазақстан ұстаздары» қоғамымен ұйымдастырылған «Психология» пәні бойынша республикалық қашықтық олимпиадаға қатысып, колледжіміздің 2, 4 курс студенттері дипломмен марапатталса, жетекшісі: А.Н.Оскенбаева Алғыс хатпен 402 – топ студенті Сүйінбекұлы К. I дәрежелі дипломмен марапатталды. 204 – топ «Мейіргер ісі» бөлімінің студенттері: Арыстамбек Ш., Абдреймова А., Тәліпбек А., Шералы А., Орынбасар А., II дәрежелі дипломмен, Маратова С., Телібаева М., Әлібаева Б., Қапаш Н., Амангелді Ж. – III дәрежелі дипломмен, Каненова А. сертификатпен марапатталды.



24-25.10.2019ж. Жалпы орта білім беру мекемелері мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің I, II курс студенттері арасында «Сана парасаттылығы-адал ұрпақ негігі» атты ұйымдастырылған облыстық пікірсайыс турниріне қатысқан II курс студенттері «Мейіргер ісі» бөлімінің 201 топ студенті Қалдыбаева Наргиза мен 209 топ студенті Амангелді Ұлжан жүлделі I орынды иеленсе, 205 топтан қатысқан Ермек Тілеген мен Тұрсынбай Дәурен II орын алды. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысының бірінші орынбасары Төлебаев Равиль Қуанышбаевичтің қатысуымен болған марапаттауда жеңімпаздарымызға дипломдар мен кубоктар табыс етілген.



Жамбыл облысының 80- жылдығы және Қазақстан халқы тілдері күніне орай, өзге ұлт жастары арасында ұйымдастырылған «Жамбылым- жер жаннатым» атты үздік қалалық эссе байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін II курс «Мейіргер ісі» бөлімі, 209 топ студенті Амязова Нилюфор III дәрежелі дипломмен, II курс «Мейіргер ісі» бөлімі, 209 топ студенті Ибрагимова Феруза., I курс «Мейіргер ісі» бөлімі 108 топ студенті Азизова Кибрия алғыс хаттармен марапатталды.



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№2 5 қараша 2019 жыл сейсенбі



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№2 5 қараша 2019 жыл сейсенбі

Ашық сабақ

1



01.11. 2019 ж. I санатты ағылшын тілі пәні оқытушысы Л.Б. Саурбаева кәсіби шет тілі пәнінен «Hospitals. All, both, each, every» тақырыбында «Мейіргер ісі» бөлімі 205 топ студенттерімен ашық сабақ өткізді. Сабақта цифрлы Қазақстан бағдарламасы бойынша «Smart English» және АКТ әдістерін қолдана отырып, интерактивті оқыту технологиясының элементтері қолданы. Ашық сабақ мақсатына жетті, жоғарғы дәрежеде өтті.

Адалдық сағаты

2



15.10.2019 ж. «Pulse tv» телестудиясында «Адалдық сағаты» ұйымдастырылып, қонаққа денсаулық сақтау саласының ардагері Т.Қ. Саурықбаев мырза шақырылып, кездесу өтті.

Халықаралық қыздар күні

3



7.10.2019ж. Халықаралық қыздар күніне орай, «Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен, Колледж психологтары А.Н.Оскенбаева, А.Б.Казыбаева, медпункт фельдшері Н.Д.Сейдалиева. «Балауса» қыздар клубының жетекшісі сөз алып, қыздармен әңгімелесе отырып, ар – намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болу туралы түсінік берді. Салауатты өмір салтын салтын қалыптастырудағы ой өрістерін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі асыл жар» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

тудыратынын ескертіп, медпункт фельдшері Н.Д. Сейдалиева қыздардың тән тазалығы мен жан тазалығы, жеке гигиена, ерте жүктіліктің зияны туралы айтты. Жиналыс соңында студенттер тақырып бойынша, түрлі сұрақтар қойып, әр қыз бала пікірлерін ортаға салып, өз ойларымен бөлісті.



8.10.2019ж. Колледжіміздің психологиялық қызметінің ұйымдастыруымен, Халықаралық қыздар күніне орай «Сенім-жетістіктің кілті!» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке 208, 212 топ студенттері және колледж психологы А.Б. Қазыбаева қатысты. Тренингтің мақсаты: студенттердің сенімін, шығармашылық белсенділігін және өмірді оптимистік қабылдауды арттыру.



10.10.2019 ж. Халықаралық Қыздар күніне орай, тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.К.Мейрманова колледж психологтары А.Н.Оскенбаева, А.Б.Казыбаева жалпы құқықтық білім беру комиссиясының төрағасы Д. Амирбековтың қатысуымен, «Заң, құқық – өмір айнасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



10.10.2019ж. Колледждің тәрбие бөлімі және «Асыл Арман» ұлттық дәстүр мен өнерді қолдау» қоғамдық бірлестігі ұйымдастыруымен, Халықаралық қыздар күніне орай, «Ерте некенің ертеңі күмәнді» атты кездесу өтті. Кездесуге тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.К. Мейрманова, «Асыл арман»ұлттық дәстүр мен өнерді қолдау қоғамдық бірлестігінің төрағасы Р.Д. Нұрақбаев, жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы Д.Е. Амантаев, психологтар А.Н. Оскенбаева, А.Б. Казыбаева қатысты.

Өмірге немқұрайлы қарама

12



24.10.2019 ж. Колледждің психологиялық қызметі мен Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен, «Өмірге немқұрайлы қарама!» тақырыбында кездесу өтті. «Ыстық орындық», «Сенімділік» жаттығулары, «Мені тап» ойыны жүргізілді. Іс - шараға колледж психологы А.Н. Оскенбаева ЖРО мекемесінің ұйымдастыру секторының жастар ісі жөніндегі инспектор Абубакир Айгерім қатысып, студенттермен сұхбат жүргізді. Студенттер өз ойларымен бөлісіп, сұрақтарына жауап алды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу

13



01.10.2019 ж. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б. Усеновтың ұйымдастыруымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы» аясында колледж инспекторы және Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы «Қалта ұрлығы» «Бопсалау» «Абайлаңыз балалар!» жолда жүру ережесі тақырыптарында 103, 104, 105, 107, 108, 109, 208 топ студенттерімен кездесіп, ӘҚБтК-ң бірқатар баптарымен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



12.10.2019 ж. «Отбасы тәрбиесі – барлық тәрбиенің негізі» атты ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында Жамбыл облысы ПД ЖПҚ ЮПБ бастығы, полиция полковнигі Қ.Ж.Қалжанов ата-аналарды ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің бірқатар баптарымен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқу - тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Л.Т. Қуанышбекова оқу процессімен және колледждің ішкі тәртібімен таныстырды.



15.10.2019 ж. «Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы» аясында, I курс студенттері, ұлдардың құқық бұзушылыққа бой алдырмау, алдын алу және полиция қызметкерлерінің жұмыстарымен танысу мақсатында, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б. Усеновтың ұйымдастыруымен Жамбыл облыстық ПД мұражайына колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты Убайдуллаев Султан Есенбекович барып қайтты. Мұражай басшысы Зияутдинова Гульчехра Юсуповна колледж студенттеріне халық қаһарманы Ғ. Байтасовтың ерлігі туралы және т.б. көптеген мағлұматтар беріп, бейнеролик көрсетіп, құқық бұзушылыққа жол бермеу, қылмыстың түбі жаза екендігін айтып, жеткіншектерді бұзақылық жасамауға шақырды.



15.10.2019 ж. Дін проблемаларын зерттеу орталығының инспекторы Бекмолдаев Бексұлтан және Жастар ресурстық орталығы инспекторы Рахымжанов Еркін «Діни экстремизм мен діни ағымдардың қоғамға келтіретін зардаптары» тақырыбында студенттермен кездесу өткізді.



16.10.2019 ж. «Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы» аясында дене шынықтыру пәнінің оқытушысы А.М. Надиловтың ұйымдастыруымен I курс студенттер арасында дәстүрлі түрде өткізілетін «Күзгі кросс-2019» жеңіл атлетикадан жарыс өткізілді. Жарыс нәтижесі бойынша жүлделі орындарға ие болған Ұлдар арасында:
I орын 104 топ студенті Токтасын Т.
II орын 109 топ студенті Жолдасов О.
III орын 101 топ студенті Әсетқали М.
IV орын 109 топ студенті Мамыт Ж.
Қыздар арасында:
I орын 101 топ студенті Қаныбек А.
II орын 106 топ студенті Қалымова А.
III орын 109 топ студенті Абдухаимова Ә.
IV орын 111 топстуденті Чиркова Я.
Студенттер мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.